

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына

2025 жылғы 14 ақпандағы № ДС-80 сауалға

Құрметті депутаттар!

Агроөнеркәсіптік кешенді (бұдан әрі – АӨК) мемлекеттік қолдау шараларын жетілдіруге қатысты депутаттық сауалды қарап, мынаны хабарлаймын.

Аграрлық секторды дамыту және ауыл халқын кәсіпкерлік қызметке тарту мақсатында Үкімет мемлекеттік қолдаудың қолжетімділігін арттыруға, қаржыландыру тетіктерін жетілдіруге және қолданыстағы реттеу құралдарын оңтайландыруға бағытталған шаралар кешенін іске асыруда.

Кепілдік беру механизміне қатысты

Қазіргі уақытта АӨК субъектілерінің кредиттік ресурстарға қолжетімділігін қамтамасыз ететін «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ (бұдан әрі – Қор) арқылы қарыздар бойынша кепілдіктер беру тетігі жұмыс істейді.

Алдыңғы жылы «Кең дала 2» бағдарламасы аясында Қор жеткілікті кепілмен қамтамасыз етілмеген АӨК субъектілерінің кредиттік міндеттемелерін қамтамасыз ету үшін қарыз сомасының 85% мөлшерінде кепілдіктер қарастырды, бұл аграршыларға далалық жұмыстарды жүргізу үшін қажетті қаржы ресурстарын тартуға мүмкіндік берді.

Анықтама: ағымдағы жылы аталған шараны іске асыруға Үкімет резервінен 21,4 млрд теңге бөлінді.

Қарыздарға кепілдік беру тетігімен мемлекеттік қолдау алу кезінде шағын және орта шаруашылықтарды арасында шектеулерге жол берілмейді, АӨК-тің барлық субъектілері үшін тең жағдайларды қамтамасыз етілгенін атап өткен жөн.

Ірі және шағын өндірушілер арасындағы серіктестікке қатысты

Ірі және шағын ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер (бұдан әрі – АШТӨ) арасындағы әріптестік қатынастарды ынталандыру мақсатында ауыл шаруашылығы кооперативтерін кеңінен қалыптастыру және мемлекеттік қолдау көрсету шарттарын оңайлату жұмыстары жүргізілуде.

Ол үшін қаржыландырудың шекті көлемі 8 мың АЕК-ке дейінгі жылдық 2,5% мөлшерлеме бойынша жеңілдікті кредиттеуді көздейтін микрокредиттеу және лизинг қағидаларына (АШМ-нің 2023 жылғы 20 желтоқсандағы № 443 бұйрығы) тиісті өзгерістер енгізілді.

Анықтама: осы бағдарлама шеңберінде 534 кооперативке қаржылық қолдау көрсетілді (оның ішінде 2024 жылы 187 кооператив 4,7 млрд теңгеге қаржыландырылды).

Жайылымдар туралы заңға (ҚР-ның 2017 жылғы 20 ақпандағы заңы) сәйкес ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін жерді пайдалану рәсімдерін жеңілдетуге бағытталған түзетулер енгізілді.

Анықтама: 2024 жылы ауыл шаруашылығы кооперативтеріне уақытша өтеулі жер пайдалану шарттарымен 68,6 мың гектар жер учаскесі берілді.

Бұдан басқа, АӨК-тің өзге субъектілеріне көзделген салыққа ұқсас кооперативтерге корпоративтік және жеке табыс, әлеуметтік, мүлік және көлік құралдарына салықты 70% төмендетуді қоса отырып жеңілдіктер беріледі.

Жеңілдетілген несиелеу бағдарламаларына қатысты

АӨК-ті қаржыландыру көлемін ұлғайту және АШТӨ үшін кредиттік ресурстардың қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында далалық жұмыстарды қаржыландыруға, жеңілдікті лизингке және өңдеуші кәсіпорындардың айналым қаражатын толықтыру тәсілдері қайта қаралды.

Екінші деңгейдегі банктерді, өңірлік инвестициялық орталықтарды, микроқаржы ұйымдарын, кредиттік серіктестіктерді және әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды тарта отырып, «Аграрлық несие корпорация» АҚ-ның (бұдан әрі – «АНК»АҚ) арқылы қаржыландыру арналары кеңейтілді.

АШТӨ-ге жылдық 5 %-дан аспайтын мөлшерлеме бойынша кредит беруді қамтамасыз ететін қаржы институттарының пайыздық мөлшерлемелерін субсидиялау тетігі енгізілді.

Сондай-ақ, ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын сатып алу үшін лизингтік бағдарламалардың қолжетімділігін арттыруға бағытталған «Жеңілдікті лизинг» бағдарламасы («ҚазАгроҚаржы» АҚ) жылдық 5% мөлшерлеме бойынша іске асырылуда.

Биыл осы аталған мақсаттарға, сонымен қатар көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін жеңілдетілген қаржыландыруға 700 млрд теңге және лизингтік қызметтерге 200 млрд теңге қарастырылған.

Кепіл саясатын жақсарту мақсатында кепілді қамтамасыз ету үшін қажетті құжаттар тізбесі қысқартылды, сондай-ақ ауылдық жерлердегі жылжымайтын мүлікті, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін, биологиялық активтерді, ауыл шаруашылығы техникасын және қарыз қаражаты есебінен сатып алынатын мүлікті қоса алғанда, кепіл ретінде қабылданатын активтердің тізбесі кеңейтілді.

Бұдан басқа, «АНК» АҚ және «ҚазАгроҚаржы» АҚ-да инвестициялық жобаларды қаржыландыруды, айналым қаражатын толықтыруды және т.б. қосымша кредиттік өнімдердің кең спектрі жұмыс істейді.

Анықтама: «Іскер», «Агробизнес», «Өз жеміс-өзіміз» және «Қазақстанда жасалған».

Жер учаскелеріне инфрақұрылымды тартуға қатысты

«Бизнестің жол картасы» бағдарламасы шеңберінде шағын және орта кәсіпкерлік объектілеріне инженерлік инфрақұрылымды жүргізу тетігі іске асырылуда.

Бюджеттік шектеулерді ескере отырып, бұл қолдау шарасы экономиканың басым секторларында қызметін жүзеге асыратын, сондай-ақ моноқалаларда,

шағын қалаларда және ауылдық елді мекендерде жобаларды іске асыратын бизнес субъектілері үшін бағытталған.

Мемлекеттік қолдау белгіленген талаптарды сақтай отырып, жетіспейтін инженерлік инфрақұрылымды жүргізуді көздейді.

Шағын тауар өндірушілер үшін сертификаттау рәсімдерін жеңілдетуге қатысты

Қолданыстағы заңнаманың талаптарына және Еуразиялық экономикалық одақтың нормаларына сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында өнімнің сертификаттауды бағалаудың міндетті рәсімдерінен өту көзделген.

Шағын АШТӨ өнімін сертификаттауды жеңілдету үшін олардың «Органикалық өнімді өндіру мен оның айналымы туралы» Заңның (ҚР-ның 2024 жылғы 10 маусымдағы заңы) шеңберінде жүзеге асырылатын бірлескен кепілдіктер жүйесіне (бұдан әрі – БКЖ) қатысу мүмкіндігі бар.

Бұл механизм шағын өндірушілерді ауыл шаруашылығы кооперативтеріне біріктіруді, химиялық тыңайтқыштарды, синтетикалық пестицидтерді және ГМӨ-ны пайдалануға тыйым салуды қоса алғанда, ішкі стандарттар мен бақылау жүйелерін әзірлеуді ынталандырады.

БКЖ-ге қатысу шағын шаруашылықтарға қаржылық жүктемені азайтуға және органикалық өнімді сертификаттауды оңтайландыруға мүмкіндік береді.

Отандық өндірушілердің өнімдерін сатуды қолдау және маркетингті дамытуға қатысты

Отандық тауар өндірушілердің сауда желілеріне қолжетімділігін қамтамасыз ету, сондай-ақ ішкі және сыртқы нарықтарда өнімді өткізуді ынталандыру мақсатында нормативтік және ынталандырушы шаралар кешені көзделген.

Ішкі сауда қағидаларына (ҰЭМ-нің 2015 жылғы 27 наурыздағы № 264 бұйрығы) сәйкес сауда желілері отандық өндірістегі азық-түлік өнімдерінің кемінде 30% - ын өз дүкендерінің сөрелеріне орналастыруға, сондай-ақ қазақстандық тауарларды тұтынушылар үшін қолжетімділік аймағында көрнекті орындарға орналастыруды қамтамасыз етуге міндетті.

Сондай-ақ, Ішкі сауда субъектілеріне мемлекеттік қолдау шараларын көрсету қағидаларына (СИМ-нің 2024 жылғы 21 маусымдағы № 262-НҚ бұйрығы) сәйкес қолдау алушылар азық-түлік тауарлары үшін сөре кеңістігін 50 %-ға дейін, ал азық-түлік емес тауарлар үшін кемінде 20 %-ға дейін ұлғайтуға міндетті.

Белгіленген талаптардың сақталуын мониторингтеу мақсатында жеткізу туралы шарттар жасасудан негізсіз бас тарту, сондай-ақ отандық өндірушілердің құқықтарына нұқсан келтіретін кемсітушілік шарттарды анықтау тұрғысынан сауда желілері мен ірі сауда объектілерінің қызметіне тұрақты бақылау жүзеге асырылады.

Анықтама: көрсетілген бұзушылықтар үшін Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекске сәйкес бірінші рет бұзғаны үшін 100 АЕК мөлшерінде айыппұл, бір жыл ішінде қайталап бұзғаны үшін 200 АЕК мөлшерінде айыппұл түрінде әкімшілік жауапкершілік көзделген.

Сондай-ақ, отандық өндірушілердің экспорттық әлеуетін кеңейту

мақсатында Сауда және интеграция министрлігі 20-дан астам қаржылық және қаржылық емес қолдау құралдарын қамтитын тауар өндірушілерді қолдаудың экожүйесін қалыптастырды.

Қаржылық қолдау бөлігінде «KazakhExport» АҚ арқылы экспорттық тәуекелдерді сақтандыру, экспорттық операцияларға кепілдік беру және субсидиялау тетіктері ұсынылады.

Қаржылық емес қолдау шеңберінде «QazTrade» АҚ арқылы кәсіпорындарға кеңес беру және оқыту, сауда-экономикалық миссияларға, халықаралық көрмелерге, форумдар мен жәрмеңкелерге қатысуды ұйымдастыру, шетелдік сертификаттауға арналған шығыстарды өтеу, сыртқы нарықтардағы тауарларды аккредиттеу және жарнамалау, сондай-ақ экспорттаушыларға көлік шығыстарын ішінара өтеу жөніндегі шаралар жұмыс істейді.

Отандық кәсіпорындарды халықаралық нарықтарға шығуға дайындауға бағытталған шағын және орта бизнес субъектілері үшін экспорттық акселерация бағдарламасы қосымша іске асырылуда.

Мемлекеттік қолдау шарттарын қайта қарауға қатысты

АӨК-ті мемлекеттік қолдау жүйесінің басты қағидаты ауыл шаруашылығы субъектісінің мөлшері бойынша бөлудің болмауы болып табылатынын атап өту маңызды, бұл саланың барлық қатысушылары үшін тең жағдайларға кепілдік береді.

Субсидиялау қағидаларына сәйкес көрсетілетін мемлекеттік қолдау АШТӨ-нің құжатталған нақты шығындарын өтеуді көздей отырып, өтемақы сипатында болады.

Осылайша, бұл тетік бөліп қарау шарттарынсыз қарастырылған және олардың ұйымдық-құқықтық нысаны мен қызмет ауқымына қарамастан барлық АШТӨ-ге бірдей қолданылады.

Жоғарыда аталған шаралар аграрлық кәсіпкерлікті дамыту үшін қолайлы жағдайларды қалыптастыруға, отандық АШТӨ-ні басым қолдауға, сондай-ақ ауылдық аумақтардың әлеуметтік-экономикалық даму деңгейін кешенді арттыруға бағытталған.

С. Жұманғарин